



№83 (9866)  
18 қазан,  
сейсенбі  
2022 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## ЖАРШЫСЫ



Бөрекелді!

### Сала қызметкерлері құрмет төрінде

Кеше аудан әкімі Асқарбек Есжанов орман шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында сала қызметкерлерін қабылдады. Мерекелік жиынға келген ерекше мамандық иелеріне қалтқысыз қызметтері үшін лайықты түрде құрмет көрсетілді.



Кез келген саланың өзіне тән ерекшелігі мен қиындығы болады. Ал осы орман шаруашылығы саласының еңбегі елеусіз қалуға тиісті емес. Өйткені бұл маман иелерінің жұмысы табиғатпен тығыз байланысты. Күн-түн демей, жаздың аптабына, қыстың қытымыр аязына да қарамай қоғам алдында жауапкершіліктерін арқаулап жүреді.

«Орманшы – табиғатқа қорғаншы» десек, жаңылмаймыз. Табиғатты қалай болса, солай пайдалану оның тепе-теңдігін бұзып, экологиялық тұрақтылыққа кері әсер етеді. Сол үшін мемлекеттің баға жетпес байлығы – табиғатты қорғап, көгалдандыруда орманшының алар орны бөлек.

Тыныс-тіршілігіміз үшін маңызы зор саланы нығайтуда сіздер білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде өзгелерге үлгі-өнеге болып, ауданның экологиялық ахуалын жақсартып, көгалдандыру мақсатында еңбек етіп келесіздер. Сыр елінің табиғатын, орманды сақтап қорғау үшін әрі қарай да аянбай еңбек ете беретіңдеріңізге сенім білдіріп, қиындығы мен қызығы қатар жүрген еңбектеріңізге толайым табыс, шаңырақтарыңызға шаттық, құт-береке тілеймін, – деді аудан басшысы.

Мұнан соң бірқатар сала ардагері мен қызметкерлері аудан әкімінің алғысымен құттықтауымен марапатталды.

Сала ардагері Айтбай Шегебаев орман шаруашылығы саласының барлық ардагерлері атынан өріптестерін мерейлі мерекелермен құттықтап, аудан басшылығына алғысын жеткізді.

Иә, расымен орманшы болу оңай емес. Табиғатты көздің қарашығындай сақтау, тосын апаттардан қорғау және әрбір түп талдың бой алып кетуіне, аңқұстың амандығына кепілдік болу да көптің қолынан келе бермейтін іс. Осы орайда ауданда 769,5 мың гектар орман қорын күтіп-баптау бағытында 56 жұмысшы қызмет етуде. Олардың тынымсыз еңбегінің арқасында ауданның орманмен қамтылған жерлердің аумағы биыл 255 мың гектарға артып отыр.

Атап өту керек, Қызылорда облысының елді мекендерді көгалдандыру және жасыл аймақ құрудың 2021-2025 жылдарға арналған өңіраралық жоспарына сәйкес, биыл Жалағаш ауданы елді мекендерінде 4649 дана (1,86 га) ағашты отырғызу көзделген. Оның ішінде Сыр талы 3000 дана, Терек 1000 дана, Қараағаш 649 дана. Осы жылы көктемгі көркейту-көгалдандыру екі айлығының барысында 4649 ағаш (1,86 га) отырғызылған. Оның ішінде Сыр талы 1899 дана, Терек 1370 дана, Қараағаш 1380 дана.

«ЖЖ» ақпарат

Жәрмеңке



## Арзан баға, сапалы өнім

Өткен сенбіде облыс орталығында "Алтын дән – 2022" мерекесі аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Титов шағын ауданындағы Әміре Қашаубаев пен Жеткөл көшелерінің қиылысында жалағаштықтардың жәрмеңкесі таң атасымен өз жұмысын бастап кетті. Таңсаріден жәрмеңкеге сауда жасауға асыққан жұртшылықтың қарасы қалың болды. Жағалай тұрған сатушылардың өнімін аралаған халық сауданың көркін қыздырды. Олардың әсіресе бау-бақша өнімдерін көп алғанын байқадық. Дегенмен жәрмеңкеге азық-түлік өнімдерінің барлық түрі, яғни күріштен бастап бау-бақша дақылдары, ет, балық, сүт өнімдерімен қоса мал азығы да жеткізілген.

Жалпы жалағаштық шаруалар облыс орталығына 60 жүк көлігімен барлығы 240 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізген. Атап айтсақ, халыққа 45 тонна күріш, 45 тонна картоп, 20 тонна сәбіз, 9 тонна жуа, 10 тонна қырыққабат, 20 тонна асқабақ, 45 тонна қауын-қарбыз, 20 бас уақ мал, 4 тонна қызылша, 2 тонна жылқы еті, 600 келі шұжық, сиыр еті, балық және тағы басқа азық-түлік тауарлары арзан бағада ұсынылды. Бұл жәрмеңкенің ерекшелігі тек өнім түрлерінің сан алуандығында ғана емес, бағаның бәзәр нарығынан 15-20 пайызға төмен сатылуында болды.

– Өзім – қала тұрғынымын. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы аудандардың ауыл шаруашылық өнімдері жәрмеңкесі өтетінін біліп, таң атысымен Жалағаш ауданы-

ның жәрмеңкесіне келдім. Жалағаштықтарға рахмет, азық-түлік өнімдерінің түрі көп, ең бастысы баға базардағы бағадан әлдеқайда төмен. Мәселен, сиыр еті 1600 теңге, қауын-қарбыз 200-450 теңге. Мен "Ер-Әлі" шаруа қожалығы өкелген картоптан, жаңадариялық қауын-қарбыздан алдым, картоптың бағасына келсек, келісі 120 теңге екен. Сапасы да жақсы көрінді. Әрине мұндай шаралардың халық үшін пайдасы мол. Жыл сайын осында жалағаштықтар жәрмеңке ұйымдастырады. Сондықтан өзімді аталған ауданда өндірілген өнімдердің тұрақты тұтынушысымын деп толық айта аламын. Олай болуға да себеп жоқ емес. Өнім сапалы болғандықтан жалағаштықтардың жәрмеңкесін асыға күтеміз. Алдағы уақытта осындай жәрмеңкелер жиі

ұйымдастырылып тұрса екен, – дейді қала тұрғыны Б.Жәкенова. Сондай-ақ жәрмеңкеде тұрмыстық тауарлар да сатылды. Ауданның коләнер шеберлерінің ағаштан жасаған түрлі бұйымдары, тері және жүн өнімдері, тіпті қалалықтар зәру болып отырған мал жемі, шөп те бар. Жәрмеңкеге жиналған жұртшылық тек сауда жасап қана қоймай, аудан өнерпаздарының өнерін тамашалады. Ауа-райы да қарасып, жәрмеңке мерекелік көңіл-күйде өтті.

– Халықтың көптігіне қарап, жәрмеңке жақсы өтіп жатыр деп айта аламын. Біз де отбасымызбен таң атысымен осы жерге келдік. Әрине қыс мезгілі жақындап келеді, сол себепті қамданып алуымыз керек деп ойлаймын. Бұл жерден өнімдердің барлық түрін кездестіруге болады.

Әсіресе балық, ет және көкөністерге сауда жасадық. Ең бастысы бұл жәрмеңке біз сияқты қарапайым қала тұрғындарына өте тиімді болды. Өнім сапалы, баға да арзан. Халықтың бұл жәрмеңкеде көп болып төбе көрсетіп жатқаны да сондықтан Жалағаш ауданының кәсіпкер-шаруаларына үлкен алғысымды айтамын, – дейді қала тұрғыны Ақнұр Серік.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындармен бірге қала, аудандағы шаруалардың өнімі қойылған жәрмеңкелерді аралап, азық-түлік бағаларын саралап, халықпен пікірлесті. Сонымен қатар жәрмеңке соңында облыс әкімі қала, аудан әкімдері мен ауыл шаруашылығы басқармасының басшысына азық-түлік бағасын төмендетуге мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін жыл соңына дейін әр апта сайын тұрақты түрде ұйымдастыруды тапсырды.

Биыл Сыр дикандары үшін сәтті маусым болды. Шаруалар 188 500 гектар жерге егін егіп, күріштің әр гектарынан 56,7 центнерден өнім алып, жарты млн тоннаға жуық ақмаржан өндірі. Жалпы есеппен аудандардан облыс орталығына 538 жүк көлігімен 2000 тоннаға жуық өнім әкелінген. Әрине өте жақсы деңгейде өткен бұл жолғы жәрмеңкенің қыстың алдында ұйымдастырылуы халыққа біршама көмек болғаны сөзсіз.

Жандос ЖАЗКЕН

Бағдарлама игілігі



## Жастардың жарқын жобасы

Жастарға мемлекеттік қолдау көрсету, сол арқылы жастар саясатын жүйелі жүргізу және жұмыссыздықты азайту – елдегі басты мәселелердің бірі. Бұл ретте жасалып жатқан істердің игілігін көріп отырған жастар да аз емес. Әсіресе жұмыссыз жастар үшін тиімді, табысқа жетелейтін бағдарламалар іске қосылған. Ол бағдарламалар арқылы ынталы жастар өз армандарын жүзеге асыруға, мақсаттарын жолға қоюға мүмкіндік алуға.

Ал мемлекеттік кәсіпкерлікті дамыту жолындағы атқарған шаруасы аз емес. Саланы өркендетуде қашанда табандылық қажет болса, мемлекеттік бағдарламалардың да тиімділігін айтпай кете алмаймыз. Біздің ауданда да мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, шағын және орта бизнесті қолға алғандар көп. Алдымен мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін айтсақ, шағын және орта бизнестің даму деңгейі көңіл қуантарлықтай дәрежеде. Өйткені кәсіпкерлік саласы кенже қалмай, қолдан келгенше кәсіпін дөңгелентімін дегендерге қолдау білдіруде.

"Теңге тиыннан құралады" деген сөз бар. Ештеңе де, ешқандай жетістік те оңайлықпен келмейді. Барлығы да әуелі ниеттен, содан кейін табандылық пен ізденістің арқасында

орындалады. «Өзгеге қол жайып отырғаннан уақытында әрекет етсең, әрекетіңе қарай берекеті болады» деген бүгінгі кейіпкеріміз де сөзінің басын еңбектену керек деп бастады. Шағын кәсіп иесі Абзал Сәбитұлының сөзінің жаны бар. Бір жыл бұрын ғана аудан орталығынан «Allo pizza» пиццериясын ашқан ол аз уақыт ішінде кәсібін дөңгелентіп өсеткен. Ордалы отызға аяқ басқан азамат жары өкеуі өз қаражаты есебінен халыққа демді фастфуд өнімдерін ұсынатын орынды ашып, бүгінгі күні жалағаштықтардың сұранысын қамтамасыз етіп отыр. Жас та болса табандылық танытып, қолда бар қаржыны үйлестіріп, кәсіпке бетбұрған Абзал мен Нұржамалдың алға қойған ортақ мақсаты көп-ақ.

– Бір жыл бұрын осы пиццерияны ашып, келіншегіміз екеуіміз тәуекелге

бел буған едік. Оңай болған жоқ, әрине. Қаржылық жағынан да, материалдық жағынан да барлығын нөлден бастадық. Несие алуға онша таптырбадық. Қолда барды ұқсатып, ең бастысы халыққа көрсетілетін қызметтің сапасына мән бердік. Іштегі құрал-жабдықтар, асханалық керек-жарақ, тағамдарды пісіретін пеш, барлығына аса мән бердік. Шүкір, қазір пиццериямызға келушілер де, талсырыс берушілер де аз емес. Бұған қарап біз ұсынатын демді тағам түрлерінің көптігін көңілінен шығатынын білеміз. Бірақ жас келсе, іске демекші, бір орында тұрып қалу бізге тән емес. Келіншегіміз екеуіміздің алға қойған жоспарларымыз өте көп. Кәсіптің көкжиегін кеңейту – басты мақсат. Бұл ретте алдымен ғимарат көлемінің үлкен болуы маңызды. Еңбектеніп берсек, бұл мақсатымызға да жетеміз деп ойлаймын, – дейді кәсіп иесі.

Иә, кейіпкеріміздің сөзінен ширақтықты байқаған біз алдағы жұмыстарының іске асатынына күмәнмен қарай алмадық. Нақты мақсатқа құрылған істің құламайтыны белгілі. Тыңғылықты жұмыс пен жауапкершілік кез келген жанды үлкен жетістікке жетелейтіні де даусыз. Бүгінде «Allo pizza» пиццериясы

жалағаштықтарға пицца, суши, донер, бургер, кеуап сынды фастфуд өнімдерін ұсынып отыр. Сонымен бірге кәсіп иесі екі жасты тұрақты жұмыспен қамтып, аудандағы жұмыссыздық мәселесінің жолға қойылуына сәлде болса үлесін қосып жүргендердің қатарынан. Ал Нұржамал Бақытжанқызы болса, кеше ғана қайтарымызсыз грант иесі атаныпты. Енді жолдасы өкеуі бұл қаржыға асханалық құрал-жабдықтар мен пештерді жаңаламақ.

Айта кетейік, тың идея мен нақты мақсатқа құрылған бизнес жобасын ұсынған жастар үшін мемлекет тарапынан берілетін қайтарымызсыз грант түрлерінің берері көп. Тек кәсіп бастаймын деген ниет пен бағдарламаның тиімді тетігін таба білсе болғаны. Ауданда осындай жан-жақты жастардың кәсіпке бетбұруы бізді қуантады. Бір жағынан жұмыссыздық саны азаяды, екінші жағынан өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік саласының дамуына серпін болмақ. Бастысы – халыққа сапалы әрі тиімді қызмет көрсету. Ал жас та болса үлкен істі дөңгелентіп отырған Абзал мен Нұржамалдың ісіне береке берсін деіміз.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

БАСПАСӨЗ – 2023

### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде

**Брифинг**

## Күзгі науқан да тәмам

Кеше Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев күзгі егін жинау науқанының қорытындысы туралы брифинг өткізді. Талғат Дүйсебаевтың сөзінше, сыр диқандары егін даласындағы тынымсыз еңбегінің арқасында биыл күзгі науқанды жақсы нәтижемен аяқтаған. Атап айтқанда, 188,5 мың гектар жерге егін егіп, оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 78,6 мың гектарды құрап, әр гектардан 56,7 центнерден өнім алынған. Сондай-ақ, биыл тыңайтқыштар мен гербицидтердің бағасы едәуір қымбаттаған. Дегенмен егілген 78,6 мың гектар күріш өгісінің 61,4 мың гектары арам шөптерге қарсы гербицидтермен толық өңделіп, 65 мың гектары тыңайтқыштармен толық қоректендірілген.



Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары аймақтағы егін шаруашылығы саласының маңызды мәселесі су тапшылығы орын алып келеді. Осыған орай биыл Сырдария өзеніндегі су тапшылығының алдын алуға Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге қаржы бөлінді. Бөлінген қаржыға 21 канал тазалау, 52 ұңғыманы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе, елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 133 дана насос қондырғылары сатып алынды. Су тапшылығын ескере отырып, өткен жылмен салыстырғанда 5 мың гектар күріш алқабы қысқартылып, оның орнына суды аз қажет ететін мал азығы дақылдары мен қатар бақша дақылдарының егіс көлемдері 7,3 мың гектарға ұлғайтылды. Жалпы егістікті әртараптандыру бағытындағы дақылдарды ұлғайту шаралары жалғасын табуда. Атап айтсақ, биыл 1945 гектар жүгері, 189 гектар соя, 358 гектар қант құмайы, 3,5 гектар қант қызылшасы егілді.

Қазіргі таңда егін жинау науқаны толық аяқталды. Бидай дақылдан 10,2 мың тонна, жаздық бидайдан 4,2 мың тонна, жаздық арпадан 174 тонна, тарыдан 1 789,2 тонна, дән жүгеріден 3 163 тонна, ал картоп, көкөніс және бақша дақылдарынан 420 мың тоннаға жуық өнім алынды. Сонымен қатар майлы дақыл күнбағыстан 160,8 тонна, соядан 516,3 тонна, мақсарыдан 5 122 тонна өнім жиналды. Мал азығына 278,8 мың тонна шөп дайындалып, жаңа жоңышқадан 22,7 мың тонна, қант құмайынан 1,6 мың тонна өнім алынды, – деді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының сөзінше, мемлекеттің қолдауының арқасында мал басы тұрақты өскен. Өткен жылмен салыстырғанда мүйізді іра қара 7,8 пайызға, қой мен ешкі 4,3 пайызға, жылқы 16,7 пайызға, түйе 7,1 пайызға, құс 1,7 пайызға көбейіп, ет өндірісі 1,9 пайызға, сүт өндірісі 1,1 пайызға, жұмыртқа өндірісі 2,4 пайызға артқан.

Өткен аптада «Алтын дән – 2022» мерекелік шарасы аталып өтті. Шарара үздік жетістікке жеткен 67 сала озаты марапатталды. Сонымен қатар Қызылорда қаласының және барлық аудандардың қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды, – деді Талғат Дүйсебаев.

Брифинг барысында спикер журналистердің барлық сұрақтарына жауап берді.

“ЖЖ” ақпарат



**Сұхбат**

Диқандардың көктемде сепкен дәні көгеріп, төрағалардың көңілді бір демдегені кеше ғана сияқты еді. Иә, шаруашылық еңбеккерлеріңдей азаннан кешке дейін атыз жағаламасақ та, ара-тұра егіс басынан табылып, олардың біркүндік жұмысын еңбегімізге арқау еткеніміз бар. Дала жұмысымен шыңдалып, салаға серпін берген олардың еңбегі ерең, әрине. Бүгінде әрбір шаруашылықтың қырманы астыққа толуы сол алажаздай төккен тер мен еткен еңбектің өтеуіндей көрінеді өзіме. Жалпы биыл жоспар сан құбылды ғой. Күріш көлемін қысқартамыз, суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық береміз. Олай болмаған күннің өзінде саладағы іскер азаматтардың шығынға бататыны тағы айтылды. Осыған дейін бұл жай сөз жүзінде тек айтылып келген. Бірақ биыл расында аяқ судың қат болуына байланысты дәл осындай жұмыстар жасалды. Ал оның нәтижесі қалай, егер оң қорытынды болған жағдайда келер жылғы жоспарға қандай өзгерістер енеді? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марат Қалниязовпен сұхбаттасқан едік...



## Егінді әртараптандыру бәрінен маңызды

– **Марат Мәнерұлы, биыл жергілікті шаруашылықтар қанша гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастырды? Оның шығымы қалай? Әңгімемізді осы сауалдардың жауабымен бастасақ...**

– Егін саласы бойынша атқарылған жұмыстар биыл көңіл көншітеді. Ауданның ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес, биыл 35 486,5 гектарға егіс

Ал сіз айтып отырған нарықтағы бағаға келсек, әртараптандыру арқылы барлық өнімнің бағасын реттей алмасақ та, біршамасына нәтижелі жұмыс жасауға болады. Мәселен, біз ендігі кезекте бақша дақылдарына арналған жер көлемін ұлғайтуымыз керек. Бұл бағытта егінді әртараптандырып, нәтижелі еңбек етіп, оның жемісін тұтас халық көріп отырған шаруашылықтар бар. Мәселен, аудандағы «Құрманбай

– **Жалпы биыл сепілген өнімдер тұқымында жаңа сұрып бар ма?**

– Егін орналастыруға қажетті 4 625 тонна күріш, 136 тонна жаздық бидай, 7,5 тонна арпа, 20 тонна жүгері, 13 тонна мақсары, 183 тонна қант құмайы, 4,3 тонна соя, 1 тонна сұлы, 73 тонна жоңышқа тұқымы дайындалды. Егілген 18 501 гектар күріш дақылдың 16 936 гектары «Лидер», 672 гектары «Янтарь», 639 гектары «Маршал», 117 гектары «Виконт», 82 гектары «Премиум», 30 гектары «Рапан», 25 гектары «Сыр сұлуы» сорттары. Бір сөзбен айтқанда, 2022 жылдың егісіне 4 625 тонна күріш тұқымы дайындалып сепілді. Оның ішінде «Янтарь» 168 тонна, «Лидер» 4 234 тонна, «Маршал» 160 тонна, «Виконт» 30 тонна, «Премиум» 20 тонна, «Рапан» 7 тонна, «Сыр сұлуы» 6 тонна.

Биылғы егіске қажетті 11022 тонна минералдық тыңайтқыштар, оның ішінде аммоний сульфаты 6 630 тонна, карбамид 2 142 тонна, аммофос 2 250 тонна, фосфор ұны 765 тонна жеткізілді. Сондай-ақ 21 985 литр гербицид, оның ішінде гулливер 535 келі, топшот 2700 литр, солито 1200 литр, рейнбоу 15 560 литр, номинден 1 900 литр жеткізіліп, уақытылы егістікке сепілді.

– **Жалпы жергілікті шаруашылықтар тарапынан базадағы техникаларды жаңарту жұмыстары қалай және оның биылғы күзгі науқанға оң әсері болды ма?**

– Күзгі егін жинау жұмыстарына қажетті 2 596 тонна дизель жанармайына сұраныс берілді. Оның ішінде «РК-Мұнай» ЖШС 1 618 тонна, «Нефть Транс Қызылорда» ЖШС 978 тонна. Дизель жанармайының 1 литрі 210 теңгеден жеткізіліп беріледі. Ал сіз айтып отырған ауыл шаруашылығы техникаларының жаңарту жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді, биыл 309 млн теңге қаражатқа 25 жаңа техника сатып алынды. Жаңадан алынған техникалар уақытылы статистика органдарына тіркелуде.

Күзгі егін жинау жұмыстарына барлығы 1 098 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда. Оның ішінде 491 трактор, 271 комбайн, 118 жатқа, 56 жүк көлігі, 162 трактор тіркемесі бар. Өріне техника базасын жаңартудың күзгі жүйем-теріме айтарлықтай оң әсері бар. Биыл да мекеленген уақытта жергілікті шаруашылықтар қамбасына толық астығын жиып алды. Осының бәріне заманауи әрі озық үлгідегі ауыл шаруашылығы техникаларының үлкен сеп болғанын айта кеткен жөн. Соның арқасында күзгі науқанды мекеленген уақытта тәмамдадық.

– **Жаңа мекеленген уақытта егінді жинап алдық бедеңіз. Жалпы қорытынды қалай, биыл қамбаға құйылаған астыққа көңіл марқая ма?**

– Аудан бойынша орналастырылған

18 501 гектар күріш толық орылып, 999 054 центнер өнім жиналды, орташа өнім әр гектардан 54 центнерді құрайды. Биылтыр 19 800 гектар күріш дақыл орналастырылып, 1140480 центнер өнім жиналған болатын. Орташа өнім гектарынан 57,6 центнерді құраған.

Биыл егілген 720 гектар бидайдан 5 400 центнер астық алынды. Орташа өнім 1 гектардан 7,5 центнер жиналды. Биылтыр өнімнің бұл түрінен орташа өнім гектарынан 7 центнерді құраған.

Дәл осы жылы 42 гектар арпадан 294 центнер өнім жидық. Орташа өнім гектарынан 7 центнерден шықты. Биылтыр 6,5 центнерді құраған. Мұнан бөлек биыл 5 гектар сұлыдан 63 центнер өнім алдық. Орташа өнім гектарынан 12,3 центнерді құрап отыр. Биылтыр өнімнің бұл түрі мүлде егілмеген болатын.

Биыл 73 гектар қант құмайынан 2 921 центнер өнім алдық. Орташа өнім гектарынан 40 центнерді құрайды. Биылтыр да қант құмайы егілмеген болатын. Осыдан-ақ биыл егінді әртараптандыруға айтарлықтай басымдық берілгенін аңғаруға болады.

Биыл 39 гектар соядан 660 центнер өнім алдық. Орташа өнім гектарынан 17 центнерді құрайды, биылтыр да соя мүлде егілген жоқ. Айта берсек, қамбаға әртүрлі өнімнен біршама астық құйдық. 520 гектар мақсарыдан 4 420 центнер өнім алдық. Орташа өнім гектарынан 8,5 центнерді құрайды. Биылтыр мақсарының өр гектарынан 8,3 центнер орташа өнім алған-бұз. 4 903 гектар жаңа жоңышқадан 58 346 центнер мал азығы жиналды. Орташа өнім гектарынан 11,9 центнер жиналды. Биылтыр жаңа жоңышқадан шыққан орташа өнім 12,4 центнерді құраған. 7 186 гектар ескі жоңышқадан 370 777 центнер мал азығы алынды. Аудан диқандары егін жинау жұмыстарын толық аяқтап, 2023 жылғы егін орналастыру жұмыстарына дайындықты бастап кетті.

– **Келер жылы аяқ су мәселесіне байланысты тағы да күріш көлемі қысқаруы мүмкін бе?**

– Алдағы уақытты ешкім болжай алмайды, барлығын уақыт көрсетеді. Алайда су саласының мамандары енді дария деңгейі төмендемесе, айтарлықтай көтерілмейтінін айтады. Жалпы Сырдария – трансшекаралық өзен. Өкініштісі сағаның соңында Қазақстан, оның ішінде біздің Сырдың бойы тұр. Мұның да су тапшылығына айтарлықтай әсері барын анық байқауға болады. Десе де біз егінді әртараптандыруға мейлінше басымдық бергеніміз дұрыс. Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 18 501 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 720 гектар бидай, 73 гектар қант құмайы, 42 гектар арпа, 39 гектар соя, 520 гектар мақсары, 445 гектар сүрлемдік жүгері, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы, 4 903 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 7 186 гектар ескі жоңышқа дақыл алынды. Сондай-ақ 646 гектар картоп, 1 108 гектар көкөніс және 1 296 гектар бақша өнімдері егілді.

– **Егінді әртараптандыру бағытында нәтижелі жобалар қолға алынды және оның нәтижесі мен тиімділігі қалай? Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы жылы да жалғасын таба ма?**

– Егінді әртараптандыру бағытында 30 гектар алқапқа бидай, 298 гектар жүгері, 12 гектарға арпа, мал азықтық жоңышқа дақыл 1 329 гектарға өткен жылдан артық орналастырылды. Сондай-ақ ауданда алғаш рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы егілді. Бұл дақылдардың көлемін арттыру жоспарда бар.

– **Егінді әртараптандыруды бұған дейін аяқ су мәселесінің алдын алу үшін тиімді деп танысақ, енді оны нарықтағы бағаны реттеуге де көмегі болатынын түсіне бастаған сияқтымыз. Қалай ойлайсыз, бақшалық жер көлемін ұлғайтып, ондай өнімдердің бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік бар ма?**

– Дұрыс айтасыз, бұлай жасауға да болады. Бірақ біз егінді әртараптандыруға амалсыздан барып отырмыз. Себебін дария деңгейін бағамдаған кез келген адам байқайтын шығар. Қазір алажаздай Сырдария өзені тартылып, Шіркейлі шим-шіме болатын уақыт артта қалды. Тіпті егіске маусымдық су жіберу тәмамдалғаннан кейін дария деңгейі баяғдай қалпына келмей жатыр. Міне, біз осы ретте пісіп-жетілмеген дегенше суда тұратын күріш көлемін қысқартуға мәжбүрміз. Өңірдің су саласы мамандарының болжамына сәйкес, биыл облыста егілетін күріш көлемін 20 мың гектарға қысқарту мекеленген. Алайда диқан қауымының талап-тілегі ескеріліп, оның көлемі 78 600 гектар болып бекітілді. Осы айдың алғашқы онкүндігіндегі қорытындыда одан шыққан өнім де көңіл көншітеді.

Ата» шаруа қожалығы биыл тамшылатып суару әдісімен 24 гектар алқапқа картоп, 5 гектарға сәбіз, 1,5 гектар жерге қант қызылшасын орналастырды. Егіс басында болған аймақ басшысы да Әліби Бекжановтың жұмысына оң бағасын берді. Кеше өнімнің алды жиналып, төраға Әліби Бекжанов тонналаған бақша өнімдерін аудан халқына төмен бағада тарту етті. Сапасында мін жоқ, бағасы да қалтаға қонымды. Сондықтан оған халық та дән риза.

Бізге келер жылы осындай егіс көлемін ұлғайтып, бақша өнімдеріне де басымдық берген дұрыс. Бірақ бұл кадамға жергілікті шаруашылықтардың басым бөлігі бара бермейді. Әліби Бекжанов осы істі бастады, оң нәтижемен тәмамдады. Осындай егі баста-малар басқаларымызға үлгі болуы тиіс. Нарықтағы бағаны реттейтін де өзіміз, сондықтан егінді әртараптандыру тек аяқ су мәселесін тұсауға қолғабыс деген түсініктен арылу керек. Бір сөзбен айтқанда, Әліби секілді екі жел, биге шығуды ойлауымыз керек. Төраға бір жағынан егінді әртараптандыру арқылы аяқ су мәселесін айналып өтсе, келесі кезекте нарықтағы бағаны реттеуге тамшыдай болса да өз үлесін қосты.



## Қоғам дерті бәрінен қауіпті

Кез келген мемлекеттің басты саясатына зер салсаңыз, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары назардан тыс қалмайды. Қазақстан да тәуелсіздік алғалы аталған қоғам дертімен күреске басымдық беріп келеді. Себебі онымен күрес толстаса, дамушы елдің дамыған елдер қатарынан табылуға құрған мақсаты еш кетеді.




Жалпы біздің түсінігімізде сыбайлас жемқорлықпен тек құзырлы органдар ғана күреседі. Әсілінде мүлде олай емес. Қоғам дерті кез келген салада құлдырау қалыптастыратындықтан онымен күрес баршамыз үшін маңызды болуы тиіс.

Осы ретте «Қарапайым, қолында құзіреті жоқ кез келген адам оған қарсы қалай күреспек?» деген заңды сауал туындайды. Міне, бұл біздің түсінігімізде «Сыбайлас жемқорлықпен күресу – тек заң шеңберінде жазалау» дегенді білдіреді. Ал осы ретте «Оның қалай алдын алуға болады?» деген сауалға жауап талсақ, қарапайым, қолында бір

белгілі құзіреті жоқ адамның онымен қалай күресетіні анық байқалады.

Бір сөзбен айтқанда, қоғам дертіне қарсы күресті әрбір азамат өзінен бастауы керек. Біз негізінен өзімізді ол жағымсыз әдеттен аулақ ұстау арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлықтың орын алуына жол бермейміз. Ал әрбір адамның санасында дәл осындай түсінік қалыптасса, сыбайлас жемқорлық кез келген ортадан өзі-ақ жойылып кетері анық.

Дастан БАХТИЯРОВ, аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары



Тарих

Алаш партиясы мен Алаш Ордасының құрылғанына 110 жылға жуықтады. Ресейдегі 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқының жүрегі ұлттың тәуелсіздігі деп соққан, сол кездегі елдегі саяси оқиғаларды бағамдай білген, ғасырлар бойы азаттықты аңсаған Әлихан Бөкейханов бастаған Алаштың арыстары тәуелсіз қазақ мемлекетін құруға белсене кірісті. Лениннің «Бұрынғы Патшалық Ресей империясының бұғауында болған халық өз алдына жеке мемлекет болуына және автономия Республика болып Кеңестер Одағының құрамында қалуға, кейіннен Одақтан шығуларына да құқылы» деген идеясымен қазақ зиялылары Алаш азаматтары орталықпен 1917-1920 жылдары ымырашылдық негізінде Алаш үкіметін, мемлекетін құруға күш салды.



# Қазақ шекарасын Алаш арыстары қалай заңдастырды?

Олар Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатов, Х.Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты Алаш арыстары болды. Алаш партиясы атынан үкімет басшылығына Ә.Бөкейханов, екінші Ә.Ермеков үміткер болды. Бұл туралы ұмытылған, жариялануға тыйым салынған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаш» деген поэмасында «Алаш» партиясына және оның көсемдеріне, оның ішінде Ә.Ермековке сипаттама берген. Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков басшылық жасаған Алаш Орда үкіметі сайланған «Алаш» партиясының өкілдері Сібір және Түркістан автономиясы, Қазақ-Қырғыз автономиясы, милиция, ұлттық кеңес, оқу-ағарту ісі, қазынашылық, сот, ауыл өкімдігі сияқты мәселелерді көтерген. Осыған орай «Алаш Орда үкіметі Совнаркоммен байланыс орнатқан. Келіссөздер жүргізіле, «Абай» журналының редакторы Жүсіпбек Аймауытов кезінде мынандай тарихи шындық келіссөзді жариялаған.

Туркомиссия мүшесі Сафаров ақпарат берді. Ол жер мәселесі жөніндегі реформаны жүзеге асыруды талап етті...»

1920 жылдың тамызы қазақ халқы үшін шын мәніндегі тарихи ай болды. Осы айдың 17 жұлдызында В.И.Лениннің төрағалығымен өткен Совнарком жиынында бірінші рет Автономиялық қырғыз Совет Республикасы туралы шешім жобасы қаралды.

24 тамызда В.И.Ленин Автономиялық Қырғыз ССР туралы құжатқа қол қойды. 1920 жылдың 26 тамызы күні Қырғыз (Қазақ) Автономиясын құру және оның жер көлемін белгілеу жөніндегі Декрет дүниеге келді.

Бұл айтуға жеңіл болғанмен қылышынан қан тамған большевик комиссарларды қазақ жерінің шекарасы мен көлемін мойындату Алаш азаматтарына оңай болмаған. Алаш азаматтары жан беріп, жан алысқан Кремльде өткен ұзақ тартыстан соң большевик қызыл комиссарлардың көзін түпкі мақсаттарына жеткізгеннен кейін оларды мойындатып, В.И.Лениннің қолдауымен қызыл пролетарият көсемі қабылданған қаулыға қол қойған. Бұл жеке азат ел болуды аңсаған Алаш арыстарының жанқиярлық еңбегінің арқасы еді. Сол тартысты алқалы мәжілісте болашақта құрылатын қазақ мемлекетінің шекарасы межеленді.

Негізгі тартыс «Қазақ Автономиясына қай жерлер кіреді?» деген мәселеге келгенде қатты ұшыққаны белгілі. Бірақ Алаш арыстары алға қойған мақсатына жеткен. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермеков қазақ мемлекеті алдындағы тарихи миссиясын осылайша орындап шыққан. Сол кезде бар-жоғы 29 жастағы Әлімхан Ермеков, Әлихан мен Ахметтің дем беруінің арқасында аузлы топтың алдында қазақ жерінің шекарасы жайында баяндама жасаған. Ол баяндамасында тарихи деректері мен ата-бабаларының мекен еткен, ықылым заманнан иелік еткен, қоныстары Астрахань, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самархан, Ферғана облысы мен Губернияларын қамтитын жалпы көлемі 3 467 922 шаршы шақырым жерді Қазақ республикасының құрамына беруді сұраған. Осы көрсеткен жердің 81 пайызының жан саны 5,5 млн болатын қазақтар пайдаланған. Бұл сол аймақтарда тұратын тұрғындардың 54 пайызы болған. Әлімхан Ермековке замандастарының естелігінде айтылғандай, қазақ халқының мемлекет болып тағдырының шешілуі мен шекарасын белгілеуде Совнарком мәжілісінде және Лениннің алдында байланыс жасауы Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш арыстарының ортақ сөнімі болған. Ол Томскідегі Тай-кен институтын алтын белгімен бітірген қазақтың алғашқы тау-кен инженері, алғашқы ұлтымыздың математик профессоры, орыс, ағылшын, неміс, француз және шығыс халықтарының

тілін жетік меңгерген Алаш азаматы болған. Әлімхан Ермековтың ел жер тарихын білуі арқасында Ор (Орск) Челябинь, Қорған-Құланды даласы, Алтай өлкесі, Ташкент қаласы, Шыршық аудандары ықпалым заманнан қазақ жері екенін дәлелдеп қазақ автономиясына берілуі талап еткен. Тіпті Ташкентті Төле бидің би болып білеуі, Самарханда Жалаңтөс баһадүрдің өмір болғаны да сөз болған дейді. Қызу айтыс-тартыстан кейін мәжіліске отырғандар Әлімхан Ермековтің айтқандарына толықтай болмаса да қоспалатынын білдірген.

Бірақ мұны жеңіс деуге өртерек болды. Өйткені ендігі кезекте Автономияның аумағы мен тұрғындары туралы ұсыныстарды Лениннің алдында қорғап шығу керек болған. 1920 жылы 12 тамыз күні Лениннің төрағалығымен өткен мәжілісте Әлімхан Ермеков барын салған. Өйткені ол ісі қазактың тағдыр-таласы шешілетін көз дәл осы тұс екенін жан дүниесімен сезінген және жағдайды жетік білетін нәм шешендігі арқасында В.И.Ленинді иландыра білген. Өзінің естелігінде Әлімхан Ермеков мәжілісте орыннан ұша тұрып, сөз алып, ойымды жеткізумен болдым деп жазған. Тіпті мәжілісте бетпе-бет келіп, көзбе-көз айтқаннан кейін Алаш арыстары қазақтың ұсынысын шығып бара жатқан Атырау өңірін де қазақ еліне мәңгілік қайтарған. Қызыл комиссарлардың қолдауына ие болған Сібір ревкомы 1922 жылға дейін Солтүстік облыстарды Қазақстанға қоспауға тырысқан. Олар Қостанай және Челябинь облыстарын өз иеліктеріне алып қалуға барын салған. Үлкен айтыс-тартыстан кейін Қостанай Қазақстанға Челябинь, Сібір ревкомына тиесілі болып шешілген. Әлімхан Әбуғұлы кейін Қазақстанның Алтай шекарасымен Корестеловск даласымен шекара бөлісуде, Семей және Ақмола облыстарын Қазақстан құрамына енгізуге қатысқан сол жылдың 3 ақпанында Барнауылда КИРЦИК мүшесі Ф.Тоқжановпен барып айтыс-тартысқа қатысып, нақты тарихи деректермен дәлелдеп, ықылым заманнан бұл аймақ қазақ жері екенін дәлелдеп, Алтай өлкесінің 18 елді мекенін Семей облысының құрамына алып берген. Ә.Ермеков қазақ жерін біртұтас республика құрамына қайта енгізуде маңызды рөл атқарған. Ол – халқының патриоты, білгірі. Көршілес елдермен түсіністігімізді терең тарихи сәттерде күл таба білетін халық дипломаты болған адам. Қазақ Республикасының территориясын заңдастыруда Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш алыптары қазақ жерінің әр пұшпағына дейін анықтап, ондағы тұрғындармен олардың күн көрісіне дейін нақтылап, үлкен айқасқа дайындалған. Әлихан Бөкейхановтың кеңесімен бұл тарихи миссияға дайындық, оны баяндау Әлімхан Ермековке жүктеліп, сенім артылған. Ол бұл сенімді ақтап шыққан. Әлімхан Ермеков өз естеліктерінде

мемлекетіміздің мүддесі үшін болып жатқан мәжілістерде Әлихан Бөкейхановтың Әлімхан Ермековтың Лениннің тікелей ықпалында болғанын келтірген. Тіпті қызыл комиссарлармен айтыс-тартыста Ахмет Байтұрсынұлы «Лениннің нұсқауын орындайсыңдар ма, жоқ па?» деген жағдайға да барған. Осындай айтыс-тартысқа толы саяси күрестің нәтижесінде Қазақ Автономиясын құру және оның территориясын белгілеу туралы жұмыс ұшығып бара жатқанын сезген Ленин 12,14,18,19 тамыздағы комиссия отырыстарын өзі басқарған. 24 тамызда Ленин «Қаулы дайын. Әлімхан Ермековтың қайта баяндама жасағаны дұрыс, осы бойынша заңдастыру керек» деп шешім шығарады. Осы шешім қабылданып шыққаннан кейінгі сәтті Әлімхан Ермеков өзінің естелігінде былайша жазған: «Өзімнің табысыма масаттанып, риза болып шықтым. Ол кезде бар-жоғы 29 жаста едім. Біздің делегацияда қолымды алып жатты. Қарасам Бөкейханов жоқ екен. Бәріміз дөлізге шықтық. Қазақстанның делегация құрамы 15-тей адам болатын. Бәріміз Әлихан Бөкейхановты тостық. Әлекең Ленинмен пікірлесіп, өңімелесіп қалған болатын. 15-20 минуттан кейін ол кісі де шықты. Әлімхан Ленинге бекітілген шекараға тездетіп қол қоюға өтініш етіпті. Ленин орындыға уәде беріпті. Сонымен Совнаркомда жалпы отырысында бекітілген территорияны Қазақ Автономиясының территориясы деген шешімге қол қойылып, 26 тамыз күні баспасөзде жарияланған. Міне, судан бастап бүгінгі Қазақстанның территориясы қалыптасты. Біз – тәуелсіз мемлекеттің тәуелсіз мемлекеттің шекарасы Алаш арыстарының табанды күресі арқасында бекітілді. Өкінішке орай кешегі кеңестік тоталитарлық өкімшілік-өміршілдік заманда, нақтырақ айтқанда, алып империяны Хрущев басқарып тұрған воленеризм саясаты кезінде жеріміздің 15 пайызынан айырылып қалдық. Сонда да болса жер көлемі жағынан дүние жүзінде 9-шы орын алатын қуатты, қазір қазба байлыққа бай еліміз. Барға қанағат тұтатын халықпыз. Қазақ елінің шекарасы нақтыланып, жеріміз мәңгілік халқымыздың игілігіне жарауда.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Алаш арыстарының күшімен В.И.Лениннің өзі қазақ шекарасын заңдастырып, бекітіп берген болатын. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шекарамыз нақтыланып, деморкацияланып, жер көлемі нақтыланып, ата-бабаларымыздың қанымен, жанымен қорғалып, тек қана қазаққа мұра етіп тастап кеткенін досымыз бен қасымыз да білуі керек.

**Рысбай КӘРІМОВ,**  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,  
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

## Балық пен аң аулауда сақ болыңыз

Көлдiң немесе өзеннiң жағалауынан балық аулауға кiрiсер алдында таңдалған жердi мұқият қарап, оның қауiпсiздiк дәрежесiн анықтау қажет. Ең алдымен жағадан үшкiр тастарды, тiкенектi бұтақтарды және басқа да қауiп келтiруi мүмкiн заттарды алып тастаңыз. Содан кейiн балық аулауға арналған құралдарды орын-орына қойып, қармақпен балық аулағанда кедергi келтiрмейтiнiң көз жеткiзiнiз. Қопарылған және тiк жағалаулардың жанында ерекше сақ болу керек. Сазды жағалаулар, әсiресе жаңбырдан кейiн тайғақ болады, сол себептi тайғанап, суға түсiп кетуiңiз мүмкiн.



Егер сiз қайықтан балық аулауды дұрыс көрсенiз, ең бастысы жүзе бiлу керек. Бұл iс-әрекет сiзге өзiңiздi сақтап қалуға, тiптi ең қиың күтпеген жағдайларда досыңызды құтқаруға көмектеседi. Су айдынына шығар алдында қайықтың жай-күйiн мұқият тексерiп, ескектiң ақаусыз екенiне көз жеткiзiңiз. Балық аулауға арналған құралдарды қайықтың жанына салыңыз, ал басқа заттарды, кiмдi, сөмкесi, дорбаны қайықтың мұрын жағына және орындықтың астына орналастырыңыз. Мiндеттi түрде қайықта құтқару шеңберi, немесе құтқару кеудешесi және су жинауға арналған шелек немесе басқа да ыдыстар болуы керек.

Сонымен қатар аңшылық тек арнайы рұқсат құжаттары бар шаруашылықтардың аумағында жүргiзiлуi тиiс. Әрбiр аңшының аң аулау ережесiн, өрт қауiпсiздiгiн қатаң сақтауы керектiгiн естерiңiзге саламыз. Суға жүзетiн құстар мен су маңы жануарларының өзгеше мiнзет-құлық танытуы немесе жаппай қырылуы байқалса, бiрден қорық қызметiне, болмаса аудандық, облыстық аңшылық шаруашылығына шұғыл түрде хабарлау қажет. Өйткенi қоршаған ортаны қорғау – әркiмiң азаматтық борышы.

Аң атуға рұқсат қағазды аңшылық шаруашылықтары бередi және өзге шаруашылықтардың аумағына кiруге немесе мерзiмi аяқталған жолдамамен аңшылыққа шығуға, құжатты өзге тұлғаларға беруге тыйым салынады. Тағы бiр ескерте кететiн жайт, тұяқты жануарларды атуға шыққан кезде аңшылық, шаруашылық қорықшысымен бiрге жүру мiндеттi. Аң аулау тәртiбi туралы ақпаратты аңшылар қоғамынан және аңшылық шаруашылықтарынан алуға болады.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

### Егістікке суды тиімді пайдалану

Биыл Жалағаш ауданы бойынша 35486 гектар жерге егіс орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 18501 гектарды құрайды. Былтырғымен салыстырғанда 1299 гектарға қысқарған Тәжірибелік мақсатта алғаш рет 73 га қант құмайы, 39 га соя, 5 га сулы, 2,5 га қант қызылшасы дақылдары орналастырылды.

Соңғы жылдары Сырдария өзеніндегі су ағынының азаюы өңірдің экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етуде. Әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды орындауға, өзінің экологиялық білігін денгейін арттыруға және жетікшік ұрпаққа экологиялық тәрбие беруге жәрдемдесуге міндетті.

Сырдария өзенінің ағыны азаюына байланысты суды тиімді пайдалану жолдары: егістікке жаңбырлатып суару әдісін қолдану, суды көп қажет ететін дақылдарды суды аз қажет ететін дақыл түріне алмастыру, су қоймаларын салу және коллектор суын қайта егістікке пайдалану.

Биыл коллектор суын қайта пайдалану мақсатында Жалағаш ауданы бойынша 7 дана электр энергиясымен, 8 дана дизель отынымен жұмыс жасайтын 15 насос алынды. Қазіргі таңда Мәдениет а/о, Қазқазат ф/қ 2 насос электр энергиясымен пайдаланып отыр.

**Б.ИШАНБЕКОВ,**  
«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ Жалағаш бөлімшесінің басшысы

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ, ҚР ЭК 58-б., 2-т., және 73-б., 1-т. сәйкес, бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) 26.10.2022 ж., 01.11.2022 ж., аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» 170 га учаскесінде инженерлік инфрақұрылым (қиыршық тас жол) салу» жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы: «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ, БСН 060140011871, 8-72431-32668, zh.arhitektyra@mail.ru;

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталдан жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Жалағашского района» согласно п.2 ст.58 и п.1 ст.73 ЭК РК, сообщает о том, что в период с 26.10.2022 по 01.11.2022 года на едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будет проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» по проекту: «Строительство инженерной инфраструктуры (гравийная дорога) на участке «Ақтерек» 170 га в поселке Жалағаш, Жалағашского района, Кызылординской области».

Инициатор: КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Жалағашского района», БИИ 060140011871, 8-72431-32668, zh.arhitektyra@mail.ru;

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

**Нур НАУАН**

## Табиғаттың тылсым сыры көп

Күз мезгілі ортасынан ауса да бүгінге дейін күн жылымық боп тұрды. Тек кешелі бері ғана қоңыр күздің ызғарын сездік. Дегенмен қараша келіп, алғашқы қар түспейінше ауа райы адамзатқа барынша жағдай жасап тұрады. Ал алғашқы қар түсіп, қара жердің сызы біліне бастағанда қыстың қамын тағы бір таразылап қойыңыз.



Жалпы осы айда адамды, малды ықтырып бет қаратпайтын, суық жел соғады. Оны ел арасында «қытырма жел» дейді. «Қараша келмей, қар жаумас» дейді халқымыз. Күн қабағы бірте-бірте қатайып, қиыршақтап қар да түсіп үлгереді. Бұл кезді «қарашаның қары» деп атайды. Ата-бабамыз қар қарашаның алғашқы күндерінде түсіп, ерімей жатып қалса, қыс ұзақ болады деп айрықша қамданған. Қазір күн салқындал, малдың еріске ұзап шығып, күн ұзақ жайылып, нағыз қон жинайтын және бар тірлігін мал шаруашылығымен байланыстырған халқымыздың алаңдайтын кезі. Өйткені қараша келді десе, қарашаның қары есімізге оралады. Табиғаттың заңы бойынша бұл айда алғашқы қар жауады. Бірақ жерде көп жатпайды. Бұл айда ауа райы қалай өзгереді? Нендей амалдар орындалады? Ата-бабамыз бұл айдағы күн райын қалай болжаған? Көнекөз қариялардан осы секілді сұрақтарға жауап сұрасаныз, санамызға әбден сіңіріп беретіні анық.

Жалпы қараша – аспан түнерген, дымқыл тұман түсетін, қара суық айы. Қараша – күн қысқаратын, шуақты күндер сирейтін, қар кейде жауып, кейде еріп, түнге қарай тоң қататын қыс мезгілінің бір саты төмен серігі. Бұл айдағы қара жерге қар түспей тұрып қара суық болады. Қарашадағы құстардың жылы жаққа қайта бастар уақыты «Сүмбіленің туу» амалы. Бұл солтүстікке қар түсіп,

күн суытатын «Қараша қаздың қайтуы» амалымен ұласады. Қарашаның 15-і мен 21-і аралығындағы қыстың алты айын болжаған ерекше ырым да бар. Бұл айдың 17-сі мен 18-і күндерінің өз амалы бар. Қарашадағы құбылыстарға байланысты: Маса ұшырасса, қыс жылы, күн күркіресе қаһарлы, ай тұтылса, қыс суық, ай шалқалап туса, қар қалың түсіп, қаһарлы қыс ұзаққа созылар, ағаш бұтағын қырау басса, ертеңіне қар жауар, шөлке қырау қонса, жаңбыр жауар, қар ерте түссе, көктем ерте келер, найзағай жарқылдаса,

келер жаз жаңбырлы болар, кемпірқосақ көрінесе, қыс қатты, көктем жаңбырлы болғанымен жаз ысыс қуаңшылық болар деген болжамдар бар.

Қарашаның бірінші он күнінде тоң қатып, салқын жел тұрса, қантарға дейін қар жаумас. жапырақтар түспесе, қар ұзақ жатпаса, күн ашық болса, қыс жылы, бұлт жиі үйірілсе, желтоқсанның ортасында қатты аяз болады деген де болжамдар кездеседі. Ал екінші он күніндегі тұман тез тараса, күн жылынар, қар жауса, қыс қаһарлы, бұлтты және желді келсе, қантардың басында қар көп жауар.

Үшінші он күнінде қар аралас жаңбыр жауса, желтоқсан жылы болар, айдың соңғы күні қандай болса, қыс бойы сондай болар дейді. Қазақтың табиғатқа қатысты болжамдарында қыс алғашқы қардан 40 күннен соң түсер дегені бар. Қарашаның соңы – желтоқсанның басында болатын алғашқы аязды «Қырбастың қызыл амалы» дейді. Желтоқсанның 4-5 күндері болатын алғашқы аяз сол Қырбастың қызылына дәл келсе, Үркердің дәл төбеге қарай біртіндеп шырқай көтерілуі қыс шілдесі деп аталатын Сары аязға дәл келеді.

«Қыстың қамын жаз ойла» демекші, қыс мезгіліне дайындық сонау жаздан басталса да артық өтпейді. Ал табиғаттың адамзатқа білдірер сырлары осы шаруаны ыңғайлап алуға мүмкіндік береді. Бастысы табиғаттың тылсымын түсінісе білу керек.



Алтын ұя

## Озат мектеп, білікті ұстаз, үздік оқушы

Иә, бұл білім ордасы осы бағалы сөздерге әбден лайық. Білім сапасы мен тәрбие ісі жөнінен алдыңғы қатарда келе жатыр. Бұл – қатаң талап пен сапалы білімнің нәтижесі. Бүгінде республика бойынша санаулы үздік мектептердің қатарында тұруының өзі – ауданымыз үшін үлкен абырой.

Қуат АХЕТОВ



Аудан орталығындағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей ауданға ғана емес, облыс жұртшылығына да таныс. Қоғам қайраткерінің атын иеленген білім ордасының өзге мектептерден көп ерекшелігі бар. 830 оқушы білім алатын мектеп-лицейде барлығы 107 мұғалім сабақ беріп, еліміздің көпестерін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Солардың ішінде 16 білім-ғылым магистрі, 27 педагог-зерттеуші, 28 педагог-сарапшы, 22 модератор мәртебесін иеленген мұғалім бар және 1 мұғалім докторантурада білімін жалғастырып жатыр. Сонымен бірге оқушыларға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары дәріс береді. Олардың ішінде екі ғылым магистрі және бес ғылым кандидаты бар. «Білім еркеніеті» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасы педагогтарының Алтын кітабы» республикалық байқауында мектептен үш мұғалім бірінші дәрежелі дипломмен және «Үздік педагог» тесбелісімен марапатталды. Білім тұмасының көзі – бастауыш сыныпта. Бастауыш сыныпта білімнің іргетасы қаланады. Сол үшін аталған мектеп-лицейде бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талап күшті. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері әр тақсан сайын математика пәні және оқу-жазу сауаттылығы бойынша емтихан сынақ алып отыру дәстүрге айналды. Педагогикалық ұжым да бұл жүйеге әбден қалыптасқан. Сондай-ақ мектепте жұмысқа келген жас маманнан да математика пәні бойынша емтихан алынады. Сынақтан сүрінбей өткен мұғалім ғана педагогикалық қызметін бастайды.

– Көбі мұғалімді білім беру жүйесінің тәртібі мен оқу бағдарламасының негізінде ғана жұмыс істейтін мамандық иесі деп түсінеді. Шын мәнінде мұғалім – қоғамның қозғаушы күші. Одан да анығырақ айтсақ, ағартушы ғана емес, адам санасын өзгерту арқылы қоғамды жаңартушы. Әрине ондай дәрежеге жету үшін көп тер төгуге, жүйке талшықтарының көбін «құрбан» етуге тура келеді. Бір мақтанарылығы, біздің мектебімізде осындай жанкешті мұғалімдер қызмет жасайды және олардың барлығы да ұстаз деген атақ лайық. Талап болған жерде нәтиже болады. Мектеп ұжымының педагогикалық құрамы іріктелген, барлығы да өз мамандығының нағыз иесі. Абырой мен бедел білім мен бірлік, ізденіс, талпыныс болған жерді төңіректейді. – дейді №123 мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Құлманқұлова.

Мектеп-лицей оқушыларының бейімділігіне сәйкес өз таңдауы бойынша пәндік сыныптарда білім алу мүмкіндігі бар. Яғни жаратылыстану пәндері тереңдетіліп оқытылады. Оқушылар гуманитарлық пәндер бойынша да республикалық білім бәсекелерінде жүлдегер атанып жүр. Жұырда ғана мектеп-лицейге облыс орталығынан сүйінші жаңалық жетті. 11 сынып оқушысы Бақытжан Дамир Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңінен өткізіліп орын иеленіп, республикалық кезеңіне қатысып алынды. Айта кету керек, оқушылардың физика, математика, химия және биология пәндері бойынша білім деңгейі сыналанып бұл аталған олимпиаданың республикалық кезеңінен өкіл болып қатысқан. Бұл өріне әр мұғалімнің біліктілігі мен тәжірибесіне оқушысы Алдаберген Шүғыла бірінші орын иеленіп, облыстың абыройын асқақтатты.

Ойтамыздық

## Ер азаматтың қадірі төмендемесін

Аппадан кейінгі шеберім, Жан әке, жан жүрегім. Самғасам, күш қуат демедің, Сүрінсем, тірегім. Қасиет киенің шыңына, Арнадым алғыс тағзым. Еш мектеп жете алмас құнына, Ең мықты ұстазым. Әр қашанда биік көретің, мен басқадан Менің әкем, менің әкем – ең жақсы адам. Бұл өлең жолдарын тәбірініп тұрып әртістер айтқанда, бой-бойымыз шымырлап, ет бауырымыз елжіреп кететіні өтірік емес. Осы әуенге елтімейтін, әсерленбейтін қазақ жоқ шығар. Шынында сол асқар таудай ерлеріміздің балалары алдындағы абыройын асқақтатып жүрміз бе? Мәселе осында жатыр. Балаларымыз әкелерін ерекше құрметтеу үшін әйелдер қауымы ерлерді баласы мен өзі алдында «қолқанат» қылып, не болса соған жұмсаудан сақ болуымыз керек. Балалар аналары әкесін қалай құрметтесе, олар соған дағдыланады. Ертен жаңа келген келін де ата сыйлауды енесінен үйренеді. Бірде жақын құрбымыз үйіне барып, оғаштау келеңсіздікке куә болғанмын. Әлгі құрбымыз алты жасар баласы «су ішем, мама, су ішем» деп безек қақпалы бар ма. Үйде бала емізіп отырған құрбым кітап оқып отырған ерине «анаған су құйып бере салшы» деді. Әкесі ұшып түрегеліп жүгірмей, сабыр сақтап отырды. Байқаймын, естисе де міз бақпады. Естімеген кісідей кітабын оқи берді. Бір кезде еміктей баланы сілке тастап, әлгі құрбым жұлқынып, «Кішкентай ғана нәрсе ғой, тұяғың қимылдаса, өліп кетесің бе?» деп шаптыға жөнелді. Ер



кісі үндемеді. Күн күркіреп, найзағай жарқылдап, жаңбыр сіркіреп басылған соң, ештеңе болмағандай, жұмсақ дауыспен құрбымды жанына шақырды. «Мен де мұны кішкентай нәрсе деп ойлайтынмын. Жоқ, бұл өсте кішкентай нәрсе емес екен, отыр, сөйлесейік» деді менің көзімше. «Бүгіннен бастап баламның жұмысына мені қолқанат қылуды тоқтат. Оның шамасы келмейтін, әке ретінде атқаратын, көмектесетін жұмыстарды, көрсетер мейірімнің мөлшерін өзім білемін. Ол он минут көшігіп су ішсе, шөлден өліп қалмайтын еді, балаңды емізіп болған соң жұлқынбай, бұлқынбай барып, құйып бере сал. Әйтпесе өзі құйып ішетіндей қылып үйрет. Дәл осылай кете берсек, бұл балалар ертен

екеумізді де «құл» қылып, дегенімен жүргізілетін кезім анық жетеді. Қысқасы, сен мені құрметтейтіндей етіп балаларды тәрбиелеуің керек. Балаларымыздың бойына қорыққаннан емес, құрметтегеннен сыйлайтындай дән егіп үлгеруіміз керек. Ертен үлкеніңде кішкене кезінде қорқытып басқарған амалың жүзеге аспай қалады. Сонда не амал істемексің? Міне, алты жас! Кешіктік, сонда да «ештен кеш жақсы». Шынында әлгі жұбайлардың арасындағы өңгіме мені алыс қалған ауылдағы анаммен екеміздің арасындағы сызат түспеген сыйласып алып барды. Анам жарықтық әкеміздің атын өле-өлгенше атамай өмірден өтті. Үнемі бізге «Қызым, әкеңнің

кімің жоғары көтеріп қой», балам, әкеңнен ұят болмасын, әкеңнің аяқ кімің дұрыстап қой, әкеңді тамаққа шақырыңдар, әкеңнен рұқсат сұра, әкеңді шығарып сал, әкең келе жатыр, үйді жинастырыңдар, әкеңнің мазасын алма» деп біздерге үнемі жазылмаған ережелі ескертіп отырушы еді. Енді ойлап отырса, осындай сөздердің бір күнде кем дегенде біреуі айтылып тұруы керек және мұны балаға істете білу де үлкен тәрбие екен. Ал әкем болса «Аналарыңа рахмет айтыңдар, аналарың ренжіп қалмасын, аналарыңа сыйлық әперейік, аналарыңмен ақылдасыңдар» деген сөздерді жиі айтады. Сондықтан ер-азаматтың өзіне қолқанат, балаға «құл» қылмау керек. Жаман әдеттен тыймасаң, ертең келіңге де сыйлы болмасың анық қой. Баяғыда Жиреншеге біреу «Қолқанаттың бар ма?» дегенде ат үстінде тұрған Жиренше «бар» деп үш жастағы баласын көрсетті. «Ойбай-ау мынау да қолқанат па?» депті жолдасы. Сонда Жиренше жерге қалшысын тастай салып, үш жастағы баласына «Балам, қамшымызды алып беріп жіберші» депті. Баласы домалаңдап келіп қамшыны жерден көтеріп, әкесінің қолына жеткізді. Сонда Жиренше «Қолқанат деген осы емес пе?» деген екен. Баласына әкесін сыйлата алған әйел – нағыз әйел! Ол әйелдің басы баласының алдында да, жарының алдында да қадірлі боларына күмәніңіз болмасын. Сондықтан ер-азаматтың жүзін төмендетпейік, арулар!

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар: **Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қызметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның **сейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырғы № 1955  
Кезекші редактор: **Нұржамала АЛМАҚСЫЗЫ**

**Ойтаразы**  
Қазақ «той дегенде қу бас домалайды» деп санаға сақтап, ойын-тойға шектеу жасамаған. Пандемия екі жыл уақытымызды алып бөгемесе, шіркін қазекең басқа нәрседен тыйылса да, той жасауға шебер-ақ. Кішкентай қуанышты үлкен дүрмекті тойға айналдырар қасиет қазақтың бойына біткен жомарттығы, жайсаңдығы, қонақжайлығы десек те, сол дүрмектің біразынан бас тартқан да дұрыс-ау. Себебі қалың жұрттың ауызынан «қазір тойға шақырмай-ақ қойса екен деп отырамыз» деген сөздерді естиміз. Мүмкін ол қымбатшылық заманның ықпалы болар немесе бірін-бірі қайталайтын осы бір дүрмектен мезі болған да шығар? Кім білсін? Әйтеуір сан-саққа жүгірген осы бір мәселеге орай «Шаншар» әзіл-сықақ театрының әртісі **Жүсіп Ақшора қазақ тойы түрлерінің тең жартысын алып тастау керек деп санайды. Ол тойдан бастае кетіп, қазақты әбден шаршатып, қажытып жіберді дейді.**

## Тойдың да естісі бар, есері бар



– «Мерекесі көп елдің берекесі болмайды» деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айттып кеткен. Кешедегі халықтың 71 пайызы қазір тойдың қамымен жүр. Қанша күн жұмысынан қалады, қаншама қиыншылық тап болады. Шетелге барсаң, ондай емес. Өз-өзін күткен, өз-өзін дамытқан халық. Қарасаң біреу ұшақтың үлгісін жасап алып, соны қалай дамытса деп ойланп отырады. Кәдімгідей қызығасын оларға. Ал біздің бар тапқан-таянғаныңды құр шашу, – дейді ол.  
Сондықтан ол қазақтың той түрлерінің басым бөлігін қысқартып тастау керек, бесік той, туған күн дегенді тойлаудың мүлде қажеті жоқ деп санайды. «Қазаққа тойды тоқтату керек. Жартысынан көбісін алып тастау қажет. Үйлену тойды, қыз ұзату тойын қалдыру керек, болды! Қалғанының көрегі жоқ. Сүндет той, бесік той деген мал сойылып, туғандарының ғана өз ортасында жасалатын дүние ғой. Оған алашапқын болып, үлкен той жасап, далақтаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Бұрын «тышты ма, тышты ма» деп бесікті ұстап, бес кемпір келіп, бесік тойын жасап кететін. Ал қазір 250 адамды бір-ақ шақырады. Анау, алыстағы ағайындарды шақырасың. Ат өуре, көп өуре болып келеді еріксіз олар. Оның бәрі үшін ниетімен қуанып келіп жатыр дейсің бе? Бәле болды ғой, өткенде ғана той жасаған, енді немене тағы да деп ренжіді. Жолда кейбірі бәлеге ұшырап жатады. Тойға деп шығып, жол апатына ұшырағандар, сөйтіп өліп кеткендер де бар.  
Юбилейді бұрын ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері тойлайтын. Қазір бәріміз тойлағыш болып алдық оны да. Біреудің туған күнін кімге керек бар? Тұса өзі үшін туып, өзі үшін жасқа толып жатыр. Оған елдің бәрін өуре қылып, жан-жақтан шақырып жатады. Кішкентай баланың 1 жасқа толған тойының не керекі бар? Сондай тойларды қысқарту керек бізге» дейді ол.  
Шынында қалың қазаққа ой саларлық дүние. Қаншама ысырапты айтсаңшы. Тіпті балалардың шілдеханасына ер адамдар келіп, арақ-шарап ішілетін болған. Бұрын шілдеханға ер адамдар жоламаған. Жас босанып, белін жаңа буып жатқан әйелдің денсаулығын да, тыныштығын да ойлаған жөн. Кейбір әйел отаман босанып келеді. Біз болсақ, көлікті безендіреміз, үйді әдемілейміз. Заманына қарай адамы дегендей, ол да жарасымды шығар. Бірақ перзентханадан шыққан әйел үйге келіп, «қалжасын» жесің арнайы сойылған сорпасын ішің, бөбегін суға түсірсің, өзіңді, бөбегіңді күтімін жасасын. Ол үйге бара салып, көпті жиып, шілдехана істеу меніңше обал секілді. Белін бекем байлағаннан кейін жасаса да көштен қалмайды ғой.  
Бұрын аналарымыз келін босанғаннан кейін «белі қатайсын» деп жас босанған келінді ауыр жұмысқа араластырмай, белін байлатып, қырық күнге дейін үйден шығармай күтіп-баптаған. Мүмкін қазіргі жас келіндердің көп ауыратыны да осы күтімді жасамағандар болар?  
Менің құрбым қызын Жапонияға ұзатты. Тойына өзі барып келді. Үйлену тойында көп болса отыз шақты адам болды деп таңғалды. Ал бізде ол тойға кемінде 150 адам келмесе, бет шымшымыз. Не нәресің болса да көп болғанын қалайтын қайраң, қазғам-ай. Артында жиғаның болмаса да, астыңдағы жалғыз атынды сойып, той жасаудан тартынбайсың.  
«Той – халықтың қазынасы» деген қастерлі сөз бар. Бірақ қастерлі сөздің парқына түсінбей, шашылып, шамамыз жетпейтін нәсиеге кіріп, нәсібімізді кемітетініміз қиын-ақ. Соны ойлайық...

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Г.ҚОЖАХМЕТОВА